

КС

Үдербаев Алмас Жауынбайұлы

60

**МОНҒОЛИЯДАҒЫ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ
ТІЛІНДЕГІ ФОНЕТИКАЛЫҚ АРЕАЛ
ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ САЛЫСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУ**

Мамандығы 10.02.02 - қазақ тілі

Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін
алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты

Анарға
Барлық жақсы
тілектермен
ұсынамын
Үдер

Қазақстан Республикасы
Алматы
2002

Жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында орындалды

Ғылыми жетекші: филология ғылымдарының докторы
С.Омарбекұлы

Ресми оппоненттер: филология ғылымдарының докторы,
профессор Ә.Жүнісбек

филология ғылымдарының кандидаты,
доцент А.Тасымов

Жетекші ұйым: Абай атындағы Алматы мемлекеттік
университеті

Диссертация 2002 жылы 23 қазан сағат 14 ҚР БЖҒМ
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жанындағы 10.02.06 -
түркі тілдері және 10.02.02 - қазақ тілі мамандықтары бойынша
филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін
диссертация қорғайтын Д.53.38.01. диссертациялық кеңестің
мәжілісінде қорғалады (400100, Алматы қаласы, Құрманғазы
көшесі,29).

Диссертациямен ҚР Білім және ғылым министрлігінің
кітапханасынан танысуға болады (480100, Алматы қаласы, Шевченко
көшесі,28).

Автореферат 2002 жылы 20-қараша таратылды.

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы, филология
ғылымдарының докторы

Манкеева

Ж.А.Манкеева

ЖҰМЫСТЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Тақырыптың өзектілігі. Қазақ диалектологиясының келелі мәселелерінің шешімін табуы алдымен қазақ тілі сөйленістерін жеке-жеке сипаттап, олардың өзіндік ерекшеліктері мен ортақ белгілерін, өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауды қажет ететіні белгілі. Осымен байланысты XX ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақстаннан тысқары басқа елдерде қоныстанған қазақтардың тіліндегі жергілікті ерекшеліктерді зерттеу қолға алынды. Шығыс сөйленістеріндегі диалектілік ерекшеліктерді жинап, зерттеуге қатысты диалектолог ғалымдардың көптен жүргізіп келе жатқан жұмыстары да осы мақсатта.

Біздің зерттеуімізде шығыс сөйленістері шеңберінде қаралып отырған - Монғолиядағы қазақтардың тілі. Бұл топқа осы сөйленістен басқа Ертіс өзенінің екі жақ бетінде орналасқан Өскемен және Аягөз сөйленістері, Қытайдағы қазақтардың тілі (немесе Шыңжаң қазақтары) және Ресейдің Таулы Алтай өлкесіндегі Қошағаш қазақтарының тілі кіреді. Сөйленістерді біріктіретін тілдік ерекшеліктермен бірге *шығыс сөйленістер тобы* деп атауға негіз болатын тығыз тілдік қарым-қатынас фактілері, қазақтар мекендеген территориялардың жақындығы, этностық жағының ұштасуы сияқты басты себептер бар.

Монғолия қазақтарының тілі немесе *Байөлгей сөйленісі* жөнінде Б.Базылхан, Ж.Болатовтың еңбектері жарияланған. Бұл еңбектерде сөйленістің фонетикалық ерекшеліктері лексика, грамматика мәселелерімен сипаттама түрінде қамтылып өткені болмаса, өз алдына дербес зерттеудің нысаны ретінде сөз болмаған. Қазақ қауымының негізгі тобынан жырақтап, біраз уақыттан бері өзге әлеуметтік-тілдік қоршауда өмір кешкен монғол жеріндегі қазақтардың тілінің дыбыс жүйесі салыстырмалы-тарихи тұрғыда болсын, лингвогеографиялық тұрғыда болсын өз алдына арнайы монографиялық зерттеудің нысаны болуға әбден лайық. Әлеуметтік-тілдік жағынан алғанда да көп заманнан монғол жұртымен етене аралас-құралас отырған халықтың тілінің дыбыс жүйесін бөгде тілдік ықпалмен астарластыра, сабақтастыра қараудың маңызы ерекше. Оның үстіне Монғолиядан Қазақстанға қоныс аударған қазақ диаспорасының тілін олардың өзгелермен қарым-қатынасы нәтижесінде тілдік кескін-кейпінің өзгеріске түсу жайын, өзгеден еншілеген ауыс-түйіс дүниеліктерін танып-білу мәселесі де осындай зерттеуді қажет етеді. Жұмыстың аталған диаспораның Қазақстандағы өкілдерінің тілін зерттеуден бастап, кейін олардың Монғолияда байырғы қонысында отырған өкілдерінің тілін зерттеумен ұласуында да осындай заңдылық бар.

Зерттеудің нысаны ретінде Монғолия қазақтары тілінің дыбыс құрылысындағы заңдылықтар алынды.

Зерттеудің мақсаты. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты - Монғолиядағы қазақ диаспорасы тілінің жалпы сипатын, тілдік жағдаятын көрсете келе, бұл сөйленістің ареалдық дыбыстық ерекшеліктерін салыстырмалы-тарихи тұрғыда зерттеу. Осыған байланысты төмендегідей міндеттерді шешу алға тартылды:

- батыс Монғолия қазақтарының тарихын баяндап, мұнда қалыптасқан қазақ-монғол тілдік қарым-қатынасының даму жағдаятын көрсету, Қазақстанға келіп қоныстанып жатқан оралмандар тілінің жай-күйін айқындау;

- шығыс сөйленістерінің бір бұтағы ретінде танылатын Монғолия қазақтары тіліндегі дыбыстық ерекшеліктерді қазақ тілінің өзге сөйленістері, әсіресе батыс пен оңтүстік сөйленістеріндегі осы ерекшеліктермен салыстыру арқылы олардың айырым және ортақ белгілерін көрсету;

- кейбір дыбыстық алмасуларды жалпы түркі тілдеріндегі дауысты, дауыссыз дыбыстардың тарихи алмасу заңдылықтарымен салыстыра қарастыру;

- шегаралық мәні бар дыбыстық құбылыстардың шығу тарихын олардың таралу сипатына байланысты жасалған лингвогеографиялық карта негізінде анықтау;

- тарихи фактілерді ескере келіп, сөйленіске тән негізгі дыбыстық ерекшеліктерді алынған тілдік және ареалдық мәліметтер бойынша талдау.

Зерттеуге негіз болған материалдар. Қазақ диалектологиясы бойынша жарияланған (жинақтар, сөздіктер, монографиялар, зерттеу мақалалар, экспедиция материалдары т.б.) еңбектер, диссертанттың Монғолия қазақтары арасында болып, өзі жазып алған материалдары. Иллюстративтік материалдар ретінде осы аймақтан басылып шыққан газет-журналдардан, ақын-жазушылардың шығармаларынан мысалдар алынды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- жұмыста Монғолия қазақтары тілінің фонетикалық жүйесі арнайы ғылыми зерттеу нысаны етіп алынды. Мұнда кездесетін ерекшеліктер өзге қазақ сөйленістерінің дыбыс жүйесімен, сондай-ақ қазақ әдеби тілімен салыстырылып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары жан-жақты талданды;

- мұндағы жергілікті халықтың тіліне тән дыбыстық құбылыстардың қалыптасу, даму тарихына өзге түркі тілдерінің, ежелгі түркі жазба нұсқаларының дерегін кең пайдалана отырып салыстырмалы талдау жасалды;

- Монғолиядағы қазақтардың тілі әлеуметтік лингвистика аспектісінде қаралып, сөйленіске қатысты билингвизм және диглоссия құбылыстары негізіндегі тілдік жағдаят ерекшеліктері анықталды;

- сөйленісте кездесетін шегаралық мәні бар құбылыстар іріктеліп алынып, олардың басты-басты дегендерінің лингвистикалық картасы жасалып, сол арқылы олардың таралу шегі белгіленді;

- нақты лингвистикалық экспедиция, тарихи және этнографиялық материалдар негізінде берілген аймақтың тілдік ерекшеліктерінен туындаған тілдердің өзара әсерлестігі, тілдік қатынастың (контакт) типтері, сонымен бірге аймақтық сөйленістің сақталуындағы сыртқы және ішкі лингвистикалық факторлар айқындалды;

- қазақ тілінің шығыс сөйленістері тобында қаралатын Монғолиядағы қазақтардың тіліндегі дауысты, дауыссыз дыбыстар алмасулары әдеби тілмен және басқа диалектілердегі алмасулармен салыстырыла қаралып, бұлардың өзіндік ерекшеліктері көрсетілді;

- Байөлгей сөйленісіндегі кейбір дыбыстық алмасулар мен дыбыстық құбылыстардың пайда болуы мен қалыптасуының негізгі тарихи-лингвистикалық себептері анықталды;

- ерін үндестігі қазақ диалектологиясында алғаш рет ізденіс нысаны болып отыр.

Зерттеудің әдістері. Жұмыста қазақ тілі сөйленістерінің, түркі тілдері мен өзге де көршілес тілдердің деректерін көрсетуде салыстырмалы-тарихи, сипаттама, ареалдық лингвистика әдістері қолданылды.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы. Зерттеу жұмысындағы ой-пікірлер мен негізгі тұжырымдар қазақ тілінің жергілікті сөйленістерінің фонетикалық жүйесіне арналған ізденістердің қалыптасып дамуына септігін тигізеді. Жұмыста қол жеткізген нәтижелер сөйленістердегі дыбыстық құбылыстардың түрлерін анықтап, олардың лингвогеографиялық таралу шегін көрсету мақсатындағы зерттеулер үшін маңызды бола алады. Зерттеу нәтижелерінің қазақ тіл білімінің диалектология, тарихи фонетика, тіл тарихы т.б. салалары үшін теориялық мәні ерекше.

Зерттеу материалдарын диалектологиялық сөздік, лингвистикалық атлас, аймақтық сөздік сияқты еңбектерге дереккөз ретінде практикалық мақсатта пайдалануға болады. Сондай-ақ зерттеу материалдары мен нәтижелерін жоғарғы оқу орындары филология факультеті студенттерінің қазақ диалектологиясы бойынша дәрістерінде қолдануға болады.

Зерттеудің талқылануы мен жариялануы. Жұмыстың негізгі мазмұны бойынша А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жанындағы “Лингвистикалық жұма” атты ғылыми-әдістемелік семинарда (2000); А.Ысқақовтың 90 жылдық мерейтойына арналған республикалық ғылыми теориялық конференцияда (2000); акад. Н.Сауранбаевтың туғанына 90 жыл толуына арналған “Нығмет Сауранбаев және қазақ тіл білімі” атты ғылыми-теориялық семинарда

(2000); Абылай хан атындағы Қазақ мемлекеттік халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде өткен “Мәдениетаралық коммуникация және аударманың көкейтесті мәселелері” атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда (2001, сәуір); Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында өткен “Түркітану мәселелері: бүгіні мен болашағы” атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда (2001, маусым); “Қайнар” университетінде өткен проф. Б.Әбілқасымовтың 70 жылдығына арналған “Қазақ әдеби тілі тарихы мен диалектология мәселелері” атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда (2001, қыркүйек) баяндамалар жасалды. Республикалық ғылыми басылымдар мен ғылыми жинақтарда диссертация тақырыбына қатысты 7 мақала жарияланды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- Монғолия қазақтарының тілдік өзгешелігі монғол тілінің мұндағы үстемдігімен ерекшеленетін билтингвизм және сөйленіс тұрпатының әдеби тіл тұрпатынан басым болып келетін диглоссиялық тілдік жағдаятпен тығыз байланысты;

- Байөлгей сөйленісіндегі дыбыс алмасуларының дені, монғол тілінің және монғол тілі арқылы енген қытай тілінің лексикасы әсерінен болған кейбір дыбыс алмасулар мен дыбыстық құбылыстарды ескермегенде, қазақ тілінің басқа сөйленістеріндегі осындай алмасулар мен құбылыстардың сипатына ұқсас келеді;

- сөйленістегі дауысты *а-ә, а-е, а-ы, е-і, ы-і, ы-ү, і-ү*, дауыссыз *т-д, с-ш, б-м, б-п* алмасулары басқа сөйленістердегі осы алмасулардан әр басқа лексикалық бірліктерде кездесуімен ерекшеленеді, ал кейбір сөздерде *з/дз* алмасуы монғол тілінің әсерінен болған, сонымен бірге *дз* аффрикатының сөйленістегі статусы тілдік жүйедегі *з* дыбысының дыбыстық көрінісі ретінде қаралады;

- сөйленіске тән дыбыстық алмасулар мен дыбыстық құбылыстардың себептерін монғол тілінің әсерімен байланысты сыртқы лингвистикалық факторларға, сонымен қатар көне түркі тілі дыбыстарының сақталуына және үнемдеуге, редукциялануға (*ү-ы: шұбар-шыбар, мі-им: сөрміс-саримс*) негізделген ішкі лингвистикалық факторлармен түсіндіруге болады;

- Байөлгей қазақтарының сөз қолданысында еріндік сингармонизмі жақсы сақталған, оның жазуда берілмеуі бұрыннан қалыптасып қалған орфография ережелерінің сақталуымен орайлас жай деп қарау керек.

Жұмыстың құрылымы. Диссертация кіріспеден, 3 тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиет тізімі, қысқартулардан және қосымша ретінде берілген мәтіндер мен лингвистикалық карталардан тұрады.

Зерттеу жұмысының мазмұны

Диссертацияның “Монғол жеріндегі қазақтар туралы тарихи дерек және ондағы қазіргі тілдік жағдаят” атты I тарауы бірнеше бөлімдерден тұрады.

1.1 Монғол жеріндегі қазақтардың қазіргі орналасу жайы. Монғолия жерінде қазақтардың шоғырлана қоныстанған жері деп Байөлгей (Баян-Өлгий) аймағы мен Қобда, Увсы аймақтарын, Налайх көмір өндірісін, Ұланбатыр өлкелерін атауға болады. Бұған қоса республиканың өзге де Хэнтий, Төв, Сэлэнгэ аймақтары мен өзге елді мекендерінде тіршілік құрып жатқандары да бар.

1989 жылдың статистикалық дерегі бойынша қазақтардың саны 120506 болып, Монғолияның барлық адам санының 5,9%-ын құраған. Елдегі қазақтардың 82750-і Байөлгей аймағында болса, басқа 17 аймақ, 3 қалада 37756 қазақ тіршілік етіп, жан санының 31,3%-ын иеленіп тұрды. Кейіннен бұлардың біразы Қазақстанға оралды. 1995 жылы 12000 отбасы, яғни 61 мың қазақ Қазақстанға көшіп келіп, сол миграция өлі де жалғасып жатыр /1,82/.

Байөлгей аймағы 1940 жылы Монғолия Халық Республикасының Кіші Құрылтайы шешімімен Қобда (Ховд) аймағынан бөлініп, қазақ, ұраңқай аймағы болып аталған. Аймақ орнағанда 10 сұмын (ауданға шамалас), 71 (кейбір еңбектерде 56 деп беріледі) бақ, 7063 үй болған екен. Бұл кезде аймақтың барлық адам санының 78 % немесе 22788-і қазақ болған. Ал 1990 жылғы мәлімет бойынша аймақ халқының 91%-ын қазақтар, қалғанын тува, моншақ, ұраңқай монғолдардың ру-тайпаларына енетін халха, дөрбет, дзахшын, торғауыт, өөлд сияқты ұлт, этнос өкілдері иеленеді.

Қазіргі кезде бұл аймақ географиялық жағынан Монғолияның батысында орналасып, территориясы сырт жақтан Ресей Федерациясының Алтай республикасына қарасты Қошағаш ауданымен және Қытай Республикасымен, ал ішкі жақтан Қобда, Увсы аймақтарымен шектесіп жатыр. Жергілікті тұрғындар тілінде *Өлгей* деп аталатын осы аймақтың өзі қазіргі әкімшілік-территориялық бөлінуі бойынша он екі сұмыннан құралады. Мұндағы қазақтардың тілінде сұмындар атауы Алтай, Алтынсөгсі (монғолша Алтынцөгц), Баянүр (Баяннуур), Бұғыты (Бугат), Бұлғын (Булган), Бұйанты (Буянт), Дэлүн (Дэлүүн), Ноғонұр (Ногоннуур), Сақсай (Сагсай), Тұлба (Толбо), Ұланқұс (Улаанхус), Сенгіл (Цэнгэл) деп аталады. Сұмындардың барлығында қазақтар орналасқан.

Ең алғаш Монғолияның батыс жағындағы шалғай өлкелерінде болып, сондағы халықтардың тарихына байланысты А.М.Позднеев, Б.Я.Владимирцов, И.И.Майский, К.Я.Златский сынды орыстың саяхатшылары мен ғалымдарының еңбектерінде деректер қалдырылған болса, Г.Я.Потанин, Г.Е.Грумм-Гржимайло, В.В.Сапожниковтардың еңбектерінде осы өлкелерде мекен ететін қазақтар жөнінде біраз

мәлімет берілген. Бұған қоса Байөлгей қазағының тарихына арналған Ә.Мініс, А.Сарай, И.Хабышұлы, З.Қинаятұлы, С.Қаржаубай, Т.Алданыш, С.Қабышай, М.Құрметханның және т.б. еңбектерін атауға болады.

1.2 Монғол жеріндегі қазақтардың этностық құрамы. Монғолия қазақтарының көбін керейлер, одан кейін наймандар, сирек болса да уак, қыпшақтар т.б. рулар құрайды. Сондықтан Б.Базылхан “Монғолия қазақтарының тілін зерттеу деген сөз керей тайпасының тілін қазақ әдеби тілімен, қазақ тілінің говорларымен салыстыра зерттеу” /2,4/, -деп көрсетеді. Аталмыш тайпалар — тарихта сонау VIII-IX ғасырдан бастап белгілі болған, ерте кезден ұйғыр, монғолдармен көршілес тұрған. Бұлар Есіл, Тобыл, Нұра, Ертіс өзені, Сарыарқа, Тарбағатай, Жетісу, Жоңғар ойпатынан бастап, монғолдың Керлін, Онын, Тула, Қобда өзені, Кентау мен Алтай арасы, қазір қытайдың жері болып саналатын Бұлғынның басы, Қара Ертіс, Қыран Ертіс, Шінгіл өзені, Өр Алтай қырқасына дейін қанат жайып, он ғасыр бойы әлемге әйгілі болған /3,5/. Осындай керей тайпасы туралы алғашқы тарихи мәлімет “Монғолдың құпия шежіресі”, “Алтын шежіре”, “Ашық тарих” сияқты монғол шежірелерінде сақталынған.

Қазақ шежіресі бойынша, керейлер *ашамайлы керей* мен *абак керей* деп екіге бөлінеді. Қазақ топырағындағы керейлер негізінен - *ашамайлылар*. Осындағы *абак керей* Монғолиядағы қазақтардың негізін құрайды және өз ішінде он екі топқа бөлінеді. Олар *жантекей*, *жәдік*, *жастабан*, *шұбарайғыр*, *шеруші*, *ителі*, *итемген*, *молқы*, *меркіт*, *сарбас*, *қарақас*, *көксадақ*. “Ру басыларының аттары ма өлде таңба салтына байланысты болды ма екен, керейлердің монғолдағы бөлігін “он екі таңбалы керей” деп атайды /3,22/. Мұндағы рулар ішінен керейлерден кейінгі ірі тайпалардың бірі - *наймандар*. Олар Орта Азия көшпенділерінің тарихында ертеден белгілі. Найман руы қазақ халқының алтыдан бір бөлігін құрайды. Найман атауы турасында бірнеше болжамдар бар (Г.А.Потанин, Н.А.Аристов, Л.Л.Викторова).

Наймандар өз ішінде *бағаналы*, *балталы*, *садыр*, *матай*, *төртуыл*, *қаракерей*, *ергенекті* болып бөлінеді. Нақты алғанда, найман руы, *бағаналы* мен *балталыны* қоспағанда, бұрынғы Семей, яғни Шығыс Қазақстан облыстарын мекен етеді. Олар Алматы, Павлодар облысының Семеймен шектескен жерлерінде, Ресейдің Таулы Алтай автономиялы облысы мен Қытай республикасында және Монғолияда тұрады. “Әуелде Қобда бетіне қазақтардың әр руы белгілі бір жерлерге сай қоныстаныпты. Рулық-тайпалық бөлінісі ресми территориялық бөліністе сақталмағанымен, қазірде рулардың сұмындардағы қонысын шамалауға болады. Абақ керейден басқа найманның біразы Өлгей, Қобда қаласында, уақтар Сеңгіл, Саксай, Ұланқұс және Өлгейде орналасқан” /1,60/.

1.3 Қазақтардың батыс Монғолияға қоныстану тарихы. Монғолиядағы керейлер мен наймандар - Алтайдың арғы беті, қазіргі Шыңжаң (Синь-Цзян- жаңа өлке) қазақтарының бір бөлігі. Алтайға қазақтардың көшуіне жоңғарлар жорығы “ақтабан шұбырынды” және басқа себептер әсер еткен. Бұлардың 1723 жылдан басталған қоныс аударуы 1778 жылға дейін созылған. Мұнда ең алдымен абақ керейлер, сонан кейін ашамайлы керейлер, артынан наймандар көшкен болатын. Соған қарағанда, қазақтар Жоңғария хандығы құлағаннан кейін Алтайға келіп қоныстанған. Бірақ қазақтардың Алтайға қоныс іздеп көшуі осымен тоқтамады.

XVIII ғасырдың ортасында қазақ жерінен Алтай өлкесіне өткен қазақтар онда жүзден астам жыл мекен еткеннен кейін саяси қолайсыздық себептеріне байланысты біраз бөлігі бірте-бірте монғол жеріндегі Қобда аймағына ауып жылжи бастаған. Ең алдымен, Қобда бетіне *жәнтекей, қарақас, молқы, шеруші* рулары көшіп келген. Бұларға кейінірек *жәдік, ителі, шұбарайғыр* ауылдары қосылған. Бұл процесс 1860 жылдардан бастап 1911 жылғы монғолдың ұлт азаттық қозғалысының жеңісі мен монғол қазақтарының арасында “Жалама айдаған жылдар” деген 1912-13 жылдардағы оқиғаға дейін жалғасты. Байөлгей қазақтары әр жылдары (1916, 1920, 1932 жылдарғы) нәубет салдарынан және басқа да қилы-қилы себептермен Шығыс Қазақстан, Ресейдің Қошағаш ауданы, Шығыс Түркістаннан келген қазақтармен толығып отырды. 1991-1993 жылдары жоғарыдағы әр ру өкілдері, яғни барлығы 12000-нан астам отбасы, 60000-ға жуық жан Қазақстанның 14 облысына көшіп, бығырай тарап қоныстанып отыр.

1.4 Тілдік жағдаят. Монғол жеріндегі қазақ диаспорасы ана тілін сақтап, оның қолданыс аясын тарылтпай пайдаланып келеді. Олардың сөйлеу тілі фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, сөздік қоры жағынан елеулі өзгешеленгенімен, қазақтың біртұтас халықтық тілінен оншалық алшақтап кетпеген. Мұның басты себебі қазақтардың Монғолияға қоныс аудару процесінің әдеби тіліміз әбден кемелденген тұсқа тура келуімен байланысты. Бұған қоса тілдің ішкі даму заңдылығының өріс алуы, соңғы сексен жылдан бері мектеп, баспасөз, радио, театр т.б. рухани мәдениет саласы арқылы Қазақстан мәдениетінің игі ықпалы тілдің сақталуына септігін тигізді.

Тілдің дамуына оның ішкі даму заңдылығынан туған, табиғатына, жаратылысына тән өз бойындағы төлтума ішкі факторларымен қатар көрші тілдің, басқаша айтқанда, географиялық ортаның ықпалынан көрінетін сыртқы факторлар да әсер ететіні белгілі. Осы тұрғыдан Монғолиядағы қазақтарға қатысты тілдік жағдаят ерекшеліктері өмір сүру формасына тікелей түрде байланысты. *Байөлгей сөйленісі* деп аталып шығыс сөйленістер тобында қаралатын Монғолиядағы қазақтар тілінің өмір сүру формасы синхрондық тұрғыдан *территориялық диалект* ретінде қарастырылады. Екінші бір халықтың территориясында орналасқан сөйленістерді

диалектолог Ш.Сарыбаев *ауыспалы сөйленістер*, оның ішінде *тілралық ауыспалы сөйленістер* деп атайды /4,195/. Ғалымның түсіндіруінше, қазақ тілінің диалектілері (сөйленістері) таза территориялық емес, территориялық-рулық сипатта болады. Диалектілердің бұл түрі тілдің әрі территориялық, әрі рулық, тайпалық сипатын негізге алады. Осының негізінде Байөлгей сөйленісі осындағы қазақтардың денін құрайтын абақ керейлердің, ішінара найман тағы басқа рулардың тілі ретінде де зерттеле алады. Монғол жеріндегі қазақтардың тілі монғол халқының ортасында өз халқынан және оның басқа диалектілік топтарынан ұзақ уақыт оқшауланып қалған тіл ретінде өмір сүріп отыр.

Монғолия қазақтарының тілдік жағдаяты зерттеу жұмысында екі тілді (қазақ және монғол тілдері) сипатта қаралды. Қазақ пен монғол тілдері алтай тілдерінің құрамына кіретіндіктен, мұндағы қостілділік (билингвизм) жағдаяты туыстығы алыс тілдердің өзара әсерлестігі тұрғысынан қарастырылды.

Қазіргі Монғолия көлеміндегі үстем тіл - монғол тілі. Халқа диалектісінің негізінде қаланған монғол әдеби тілі мемлекеттік тіл мәртебесінде. Бұл тіл өмірдің барлық салаларын қамтып, республикадағы басқа ұлт өкілдерінің де екінші тілі саналып отыр. Монғол тілі мемлекеттік тіл болғандықтан, Байөлгей аймағында оның еркін қолданылуына күш жұмсалып, мұндай саясат мемлекет тарапынан жүргізіліп отыр. Қазіргі ұрпақтың көпшілігі қостілділікке ауысып, өз ана тіліне қоса үстем тіл - монғол тілін үйреніп, сол тілде сөйлеуге мәжбүр. Оның өзі қазақтардың бірте-бірте жалпылай екінші тілді игеріп, ана тілін ұмытуына, қостілділіктің басқа түріне (замещаемое двуязычие) ауысуына немесе болашақта олардың үстем тілде сөйлейтін бір тілді монолингвке жетуіне өкеп соқтыруы мүмкін.

Қостілділікпен (билингвизм) қатар қалыптасқан тілдік жағдаятты құрайтын компоненттерге диглоссия құбылысы да жатады. Дж.Фишман, А.Д.Швейцер, Л.Б.Николский еңбектерінде диглоссияның функционалдық типтеріне берілген анықтамаға сүйеніп, Монғолиядағы қазақтардың тілі диглоссияның “территориялық диалект (сөйленіс) және әдеби тіл” функционалды типіне сәйкесетіні айқындалды.

Байөлгей қазақтары тіліне әдеби тіл бұқаралық ақпарат құралдары, Қазақстаннан шығатын газет, журнал, әр түрлі әдебиеттер мен жергілікті басылымдар арқылы қаншалықты әсер еткенімен диглоссиялық жағдаятта сөйленіс иелері әдеби тілге мақсатты түрде болмаса, өздігінен ауысуы екіталай. Себебі мұндағы ұлт өкілдері жалпыхалықтық тілден жырақ, тек қана бір тілдің - өздерінің сөйленісінің ортасында болып, жергілікті ерекшеліктерді тіл мәдениеті тұрғысынан қазақ әдеби тіліне қатыстырып сыни көзбен қарап ажырата алмайды. Бұл құбылыс сөйленіс иелерінің жас ерекшеліктеріне қатысты әлеуметтік топтары арасында түрлі дәрежеде

көрініс беріп отырады, мәселен, жастар жағы болмаса орта, егде жастағы сөйленіс иелері өзінің дағдылы тілінен әдеби тілге ауысуға онша бейім емес. Ал мақсатты түрде диалектіде сөйлеушінің әдеби тілге ауысуы өз ортасынан (социум) бөлек беделді әдеби тіл формасын қолданатын ортада тілдік қатынасқа түскенде ғана мүмкін. Айтылып отырған жағдай Монғолияда тұрып, соңғы кездерде (1990 жылдардан бері) ғана Қазақстан жеріне орналасқан қазақтардың тіліне қатысты. Яғни *оралмандардың* тілі бірте-бірте өзгеріске түсіп, өзінің диалектілік сипатынан алшақтайды деуге әбден болады. Бұл мәселе жұмыста нақты тілдік деректерді талдау негізінде қаралды.

Жоғарыда айтқанымыздай Монғолия қазақтары тілінің дыбыстық жүйесіндегі құбылыстар жұмыста “*дауысты дыбыстарға*” және “*дауыссыз дыбыстарға*” байланысты екі тарауға бөліп қарастырылды. II тарауда дауысты дыбыстарға қатысты алмасулар жуан-жіңішке, ашық-қысаң және ерін-езу дауыстыларының өзара алмасуына арналған үш бөлімде жіктеліп сипатталды.

2.1 Жуан, жіңішке дауыстылардың өзара алмасуы қазақ тілі сөйленістерінде байқалатын ерекшеліктердің үлкен бір тобын құрайды. Сөйленісте олар өзара *а-ө, а-е, ы-і, ұ-ү, о-ө* алмасулары түрінде кездеседі. Төменде бұлардың ішінен жиі байқалатын, ең негізгілеріне ғана тоқталдық.

а-ө алмасуы. Монғолияда тұратын қазақтардың тілінде әдеби тілдегі жуан *а* орнына *ө* дыбысы қолданылып, жуан айтылатын біраз сөздер жіңішке дыбысталады: *джәңө-жаңа, өптігуу-аптығу, зәулеу-заулау, әймік-аймақ, көүкілдес-қауқылдас, бөтір-батыр, мәнсәп-мансап, чөшүү-шапшү, тәуешкі-тауешкі* т.б. Бұл дыбыстық құбылыстың ең жиі ұшырасатын өңірі — қазақ жерінің оңтүстігі, Орта Азия республикаларының ішкі қоныстары мен соған іргелес атырап қазақтарының тілі. Түркіменстан, Қарақалпақстан қазақтарының тілінде де *а/ө* алмасуы кездеседі (Н.Жүнісов, Б.Бекетов). Бірақ бұларда осы құбылыс қазақ елінің шығысындағы, Алтай, Тарбағатайдағы, Монғолиядағы қазақтардың тіліндегіден басқа сөздерде ұшырайды.

Жуан дауыстының жіңішке айтылуы қазақ тілі сөйленістерін екіге бөліп көрсететін изоглостық сипатқа ие. Мәселен, *а/ө* алмасуының оңтүстік сөйленістерде, өзбек, қарақалпақ, түрікмен халықтарымен іргелес жатқан қазақтар тілінде кездесуін осы тілдердің әсерінен, осы тілдер арқылы енген араб-парсы кірмелерінен деп түсінеміз. Ал оңтүстік өңірден тыс өңірлерде аталған құбылыс көбіне төл түркі сөздерінен көрінеді. “Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасының” (М,1955) фонетика бөлімі авторларының бірі Л.С.Левитская *ө* дыбысының көнеден келе жатқан дыбыс екенін айтса, А.Н.Кононовтың еңбегінде бұл дыбыстың VII-XI ғ. көне түркі жазбаларында да қолданылғаны баяндалады /5,60-62/. Сондықтан “мұндайлардың кейбіреуі тілімізде әріден келе жатқан белгі, енді

біреулері дыбыстардың позициялық өзгерісінен тіліміздің өз ішінде бертін келе туған белгілер болуы мүмкін” /6,24/.

Халықтың ауызекі тілінде *ә/а* алмасуы *а/ә* алмасуына қарағанда айтарлықтай көп қолданылмайды. Мұның көлемі Монғолиядағы қазақтардың (өсіресе осы сөздер егде жастағы кісілердің) тілінде бірді-екілі сөзде айтылады: *азар-мазар-әзер-мәзер, алдағашан-әлдекашан, адыл* (тең мағынасында)-*әділ, ажым-әжім*. Сөйленістен сирек те болса кездесетін осы бір ерекшелік Қазақстанның шығыс облыстарының кейбір аудандары мен Таулы Алтайдағы Қошағаш қазақтары тілінде, өзге қазақ сөйленістерінде де жұмсалады. Мәселен, *әбіржі-абыржі, жәутеңде-жаутанда, ажым-әжім, араң-өрең* дегендердің әрбіреуінің өз шеғарасы бар. Мұны Х.Кәрімов *әжім, әже, жәңге, көне, кәрі, әрі, бері, әрменірек* сияқты тіліміздің байырғы сөздерін көне түркі, тіпті Алтай дәуірінде жуан түрде *ажым, ажа, жаңа, қаны, қары, ары, бары, арманырақ* болып дыбысталған деп, оны бірнеше сөздің этимологиясына үңіліп дәлелдейді /7,40/.

Башқұрт тіліндегі сингармониялық параллелизмдер жөнінде Д.Г.Киекбаев жуан дыбысталған көне түркі-монғол сөздері біртіндеп жіңішкергенін, әрі оның тарихы өте ертеден басталатынын айтады /8,85/. Ал бұрынғы жуан варианттар халықтың сөйлеу тілінде арагідік әр жерде сақталынып қалған. Бұл құбылысты қазақ тіл білімінде Б.Сағындықұлы, Г.Раева зерттеу нысанына алған. Байөлгей сөйленісіндегі *ә/а* алмасуын қазақ сөйленістерінде жалпылама түрде ұшырасатын дыбыстық ерекшеліктермен бірге ерте кездегі жуан дыбысталған сөздердің тарихи қалдығы ретінде ұққан дұрыс.

а-е алмасуы. Сөйленісте шамамен бес-алты сөз құрамында *а* мен *е* дыбыстары өзара алмасады, *а/е: кейсібір-қайсыбір, чебеленіу-шабалану; е/а: келемаж-келемеж, ұйма-жұйма-үйме-жүйме, кернай-керней*. Бұл алмасулардың негізгі қолданылу аясына Тәжікстан, Өзбекстанда қазақтар қоныстанған жерлер және оңтүстік Қазақстан облысының өзбектермен іргелес аудандарын, Қызылорда жері мен Қарақалпақстандағы қазақтардың қоныстанған аймақтарын жатқызуға болады. Өзбек жерімен шектесетін аудандардағы қазақтар тілінде *ә, а* дыбыстарының *е*-ге ауысуымен бірге осы жіңішке *е*-нің *а, ә* дауыстыларына ауысуы өзбек тілінің өсерінен болған. Ауызекі тілдегі мына бір топ сөздерден де осындай алмасуды көреміз, *а/е: мақсет-мақсат, қалем-қалам, месахана-масахана, неқақ-нақақ, т.б.; е/а: кербаз-кербез, дімқас-дімкес, керамат-керемет, дәрәжа-дәреже, төрбаи-төрбие, еғар-егер, Өскаман-Өскемен т.с.с.*

Тіліміздегі бұндай сөздер құрамындағы сәйкестіктердің себептері әр қилы. Жұмыста олардың біразындағы ең басты себептерінің бірі араб-иран тілдерінен ауысқан сөздердің әртүрлі нұсқада игерілуінен деп түсіндіру қолдау тапты /7,32/.

ы-і алмасуы. Қысаң *ы, і* дыбыстарының алмасуы сөздің бірінші буынында жүзеге асады. *і/ы* шығыс сөйленістерінде көп кездеседі: *бырсыпыра, бырталай, быр-бір, жыйан-жиен (жйен), жыйылық-жиілік, ыйқымда-икемде, сыңған (еңбегі)-сінген, пысты, пысыр, пысқан, пыс-піс, пышын-пішін, тыйын-тиін (ақ), тыйымды-тиімді, шыл-шіл, т.б.* Берілген *піс* түбірлі етістіктің жуан үлгіде (*пысуу, пысқан*) дыбысталуының изоглоссасы қазақ жерінің шығысымен ғана шектелмей, тіпті осы жерлермен шегаралас Талдықорған облысының Алакөл, Қапал, Жаркент аудандарына дейін жетеді. Ресейдегі Таулы Алтай автономиялы облысының Қошағаш ауданында, Қытайдағы қазақтар тілінде де айтылады. Қытайдағы қазақ тілінде шығатын көркем әдебиеттерде *пысты, пысқан* нұсқалары қолданылып, айтылуы бойынша орфографиялық нормаға енген /9,18/. Ал *шыл-шіл* сөзі шығыс өңірлерде қолданылуымен қатар еліміздің солтүстік аймағын қамтыған. Монғолия қазақтарының тілінде *і/ы* дыбыстары алмасқан сөздердің қатарында *пысқан, пысылы, пысыр, пыс-піс, мырдың (оғындай)-мірдің, чыл-шіл, ыспар-ісмер, мыз бақпау-міз бақпау т.б.* ұшырасады (*1-карта*).

Пысқан вариантының айтылуы шығыс тобындағы сөйленістердің басын біріктіретін айрықша белгілердің бірі /10,28/. Бұл сөйленістердегі *пыс-піс* етістігіне *-р* қосымшасы жалғанғандағы *пысыр* нұсқасы өзге түркі тілдерінде жуан және жіңішке (қырғ., алт. диал. *бышыр, алт., тув. быжыр, хак. пызыр, түркм., өзірб., қ.балқ., құм. бишир, ноғ., қ.қалп. писир*) түрінде қатар қолданылады. Дауысты *ы* мен *і*-нің сөйкесіп келуі көнедегі мәтіндерде, мәселен, көне ескерткіштердің бірі - М.Қашқари сөздігінде, Құдатқу Білікте *пыш* формасымен жұмсалған. Шығыс сөйленістерімен шектесетін солтүстік түркі (хак., тув., алт.) тілдерінде, ертеде сол жерлерде мекендеген қырғыз халқының тілінде *піс* сөзінің жуан варианты қолданылады. Мысалы, алтай тілінің диалектілерінде *пісір* сөзінің *бышыр, пыжыр, пышқыр* нұсқалары бар. Демек, шығыс сөйленістері мен соңғы аталған туыстас тілдер арасындағы деректі жай ұқсастық деуге болмас.

і/ы алмасқан "ісмер, шебер, іскер" мағынасында қолданылатын *ыспар* сөзі - Байөлгей сөйленісінен байқалатын ерекшелік. Оның түбірі *ыс* - тіліміздегі *іс* есім сөзінің жуан варианты. Қазіргі тіліміздегі *із, піш, тіл* және т.б. сөздер ерте кезде *ыз, пыш, тыл* деген жуан нұсқада айтылғаны секілді *іс* сөзі де сол замандарда *ы*-мен басталып, жуан нұсқамен айтылған. Мұндай тұжырым А.М.Щербак еңбегінде көрсетіледі /11,38/. Қалған *шыл-шіл, мыр-мір, мыз-міз* сөздеріндегі дыбыс алмасуын да осы заңдылықпен байланыстыра қараудың реті бар. Олай болса, ертедегі жуан нұсқа біз қарастырып отырған шығыс сөйленістерінде, Байөлгей сөйленісінде сақталып қалса керек.

2.2 Апық, қысаң дауыстылардың алмасуы Байөлгей сөйленісіндегі біраз сөздердің құрамында қолданылады.

а-ы алмасуы. Әдеби тілде ашық *а* сөйленісте мына сөздерде қысаң *ы*-мен дыбысталады: *айырмышы-айырмасы, тыста-таста, азымыз-аз-маз, оңқы-оңқа, джайбырақат-жайбарақат* кей кезде *лықаң-лақаң, сырқырау-сарқырау, самсып-самсап* т.с.с. Құрамында *а/ы* алмасқан сөздер шығыс сөйленістерінен бөлек Шу бойы қазақтарының тілінде, батыс өңір қазағының тілінде тұрақты қолданылады /12,20/.

ы/а алмасуы батыс (*аңарып-аңырып, аңазақ-аңзақ, арқалы-арқылы, баула-баулы, ақар-ақыр* т.б.), шығыс облыстары (*жұпана-жұпыны, отырақты-отырықты, шынжар-шынжыр, шаңға-шаңғы*), республикамыздан тысқары Шыңжаң (*арық-тұрақ-арық-тұрық, малта-малты, даңғара-даңғыра*), Қошағаш (*тармысты-тырмысты, санамақ-сынамақ*) қазақтарының тілінде ұшырасады. Бірақ осы құбылысқа икемделген сөздердің өзі әр өлкенің тұрғындардың тілінде әр түрлі. Осы ерекшелік Монғолия қазақтарының тілінен де (*арқалы-арқылы, дабыс-дыбыс, мызға-мызғы, малта-малты, азылан-ызылан*) көрінеді. Батыс кейде шығыс өңірлерден байқалатын *арқалы* варианты сирек болса да оңтүстік сөйленістерде дыбысталады. Осы септеулік шылаудың ашық айтылуы өзб. (*арқали*), қырғ. (*арқалұу*), ноғ. (*арқалы*), түркм. (*арқалы*), қ.қалп. (*арқалы*) тілдерінде болса, қысаң айтылуы баш. (*арқыры*), ұйғ. тілдерінде (*арқилиқ*) бар.

Қазақ тілінің кейбір шығыс сөйленістеріндегі *а/ы* алмасуын Ә.Нұрмағамбетов: “Біріншіден, ертеректе пайда болған дыбыс сөйкестіктерінің ізі. Екіншіден, ол реликтілердің сақталуы — көрші отырған алтай халықтарының тілдік өсері”, -деп түсіндіреді /12,89/.

Шығыс өңір қазағының тіліндегідей Байөлгей сөйленісіндегі *ы, а* дыбыстарының алмасуларын бір тілдің ықпалымен байланыстыруға келмейді. Өйткені бұл фонетикалық ерекшеліктер қазақ тілі сөйленістерінің бірталайында арагідік байқалады, өрі мұндай өзгеріске түскен белгілі бір сөздердің варианттары сөйленістердің көбінде қолданылады. Осы тұрғыдан “мұны сөз болып отырған дауыстылардың ашық, қысаң болып бір-бірінен ажырасқан (дифференциацияланған), жіктелген дәуірінен әр өлкенің қазағының тілінде сақталып қалған көненің ізі деп топшылауға болады” /6,40/.

е-і алмасуы. Диалектологиялық материалдарға қарағанда *і/е* алмасуынан гөрі *е/і* көбірек кездеседі. Халықтың ауызекі тіліндегі *е*-нің *і*-ге ауысуы: *егіс-егес, ійкім-икем, шікілдәуук-шекілдеуік, жібір-жібер, өулі-өуелі, өсіресі-өсіресе, өйтпісе-өтпесе, бірдін-бірден, кебіже-кебеже, бйбіт-бейбіт, ійгір-игер* т.с.с.

Дауысты *і*-нің *е*-ге ауысуы: *өдеме-өдемі, ерегес-ерегіс, өлге-өлгі, шегеншек-шегіншек, түсінек-түсінік, өйгеле-өйгілі, таң сөре-таң сөрі, керпіш-кірпіш, мешет-мешіт, елеген-ілеген, ежегей-ежігей, езгі-ізгі* т.б. Құрамында *і* мен *е* дауыстылары алмасқан сөздер қазақ жерінің батысынан бастап солтүстік (кейбір жерлері), оңтүстік, шығыс

өлкелердегі және сырт елдердегі қазақтар тілінде жұмсалады. Аталған өңірлердегі өзара алмасатын *e*, *i* дауыстыларының екеуі де езу дауыстылары болғандықтан, жоғарыда мысалға берілген сөздердегі *e-i* алмасулары айқын. Ал бұрын-соңды жарияланған зерттеулерде осы құбылысқа икем сөздердің ішінде *e* мен *i* алмасуына қатысты еместері де бар. Әдеби тіліміздің емлесі бойынша ғана езу дауыстыларының өзгерісі ретінде көрінгенімен, дыбысталуға алғашқы буында ерін дауыстылары келетін сөздердің кейінгі буындардағы өзгерісін *e/i* алмасуы деуге келмейді. Диалектологиялық деректерде *i/e* алмасуын бейнелейтін сөздердің арасынан *түсүнөк-түсүнүк* (түсінік), *бүйө-бүйү* (бүйе), *көсөк-көсүк* (көсік), керісінше *e/i* алмасуы қатарында беріліп келген *бөлүн-бөлөн* (бөлін), *өткүл-өткөл* (өткел), *өскүн-өскөн* (өскен), *жүйкү-жүйкө* (жүйке), *жүлдү-жүлдө* (жүлде) сөздеріндегі өзгеріс түрін *e* мен *i* дыбыстарының алмасуы дегеннен гөрі, *ү* мен *ө* дауыстыларының өзара алмасуы деп қараған жөн. Байөлгей сөйленісінде де ерін үндестігі жақсы сақталғандықтан, жоғарыдағы сөздерде еріндік *ү* мен *ө* дауыстылары өзара алмасқан деп есептейміз.

Қазақ тілі сөйленістерінде көп болмағанымен, Байөлгей сөйленісінде *i/e* алмасуы байқалатын сөздердің (*шегеншекте-шегіншекте*, *ерегес-ерегіс*, *елеген-ілеген*, *елтипат-іттипат*, *кесертке-кесіртке*, *керпіш-кірпіш*, *сереңке-сіріңке*) саны *e/i* алмасуына қарағанда едәуір бар. Олардың ішінде кең көлемде тұтастай бір өңірде жұмсалатыны өте сирек болса да, бірнеше ауданда қайталанып келетіндері байқалады. Сөйленістегі *керпіш* нұсқасы шығыстағы Күршім, Зайсан, Тарбағатай, Аякөз, Көкпекті, Ақсуат аудандарында әрі Орынбор облысы Адамов, Бөрте ауданында, *сереңке* Көкшетау, Шучье, Еңбекші қазақ, Большенарым, Қошағаш аудандарында қолданылатындығы анық. *Шегеншекте* нұсқасы Абай, Шұбартау аудандары, *ерегес* нұсқасы Большенарым, Шыңжаң (Қытай) қазақтарының тілінен қолданыс тапқан.

Қазақ тілі сөйленістерінің көбінде керісінше *e/i*-ге де қатысты сөздер тобы ретінде *еш* сөзімен басталатын *ішкім*, *ішбір*, *іштеңе/іштеме*, *ішқашан*, *ішқайда*, *ішқайсысы* болымсыздық есімдіктері мен кейбір сілтеу есімдіктерін (*өні-өне*, *міні-міне*) айтқан жөн. Қазіргі кезде осы сөздердің жалпылай қолданылатыны соншалық, олардың диалектілік сипаты бар деуге де келмейді. Байөлгей сөйленісіндегі *e/i* алмасуы: *дәжікжат-жекжат*, *йіріндеп-ирендеп*, *бөсіңкі-бөсеңкі*.

Ауызекі тілдегі *e/i* алмасуына қатысты С.Кеңесбаевтың *e* фонемасын сипаттай келіп, екі буынды сөздің өзінде-ақ екпін түспеген *e*-нің сапалық өзгерістерге ұшырай бастайтындығын, редукцияланған *e*-нің көбінесе қысаң *i* сияқты естілетіндігі туралы қорытындысы бар /13,32/. Бұл - сөйленістерде *e* мен *i* дауыстылар

алмасуының белгілі дәрежеде ектінмен, *е* дыбысының редукцияға ұшырауымен байланысты екенін көрсетеді.

2.3 Еріндік, езулік дауыстылардың өзара алмасуы да қазақ тілінің сөйленістерінде көзге түсетін фонетикалық құбылыс. Байөлгей сөйленісінде алмасудың *ы-ү, і-у, а-о, е-ү* деген түрлері жиі байқалады.

ы-ү алмасуы қалған алмасатын дыбыс жұптарына қарағанда көлемдірек. Монғолиядағы қазақтардың тілін зерттеуші Б.Базылхан: “Қазақ әдеби тіліндегі кейбір сөздердің *ү* дыбысы Байөлгей сөйленісінде, қарт адамдардың сөйлеуінде *ы*-мен алмасады”, - дей келіп /2,25/, бұл құбылысқа қатысты *ыйат-ұят, былақ-бұлақ, былчық* (ет)-*бұлшық, бұлғалақта-бұлғалақта, ылар* (құс)-*ұлар, тымау-тұмау, қырсау-құрсау, чылғау/чұлғау-шұлғау, чыбар-шұбар, бызау-бұзау* деген сөздерді келтіреді.

Ал езулік *ы*-ның еріндік *ү*-ға ауысып айтылуына *бұлғары-былғары*, сирек болса да байқалатын *бұлға-былға* сөздерін ғана келтіруге болады. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігіне қарағанда *бұлғары, бұлға* дегендердің географиясы қазақ елі тараған өңірдің шығысын түгелдей қамтиды. Шығыс өлкеге төн сөздердің қатарында *арғұмақ-арғымақ, мұлқау-мылқау* деген сияқтыларды атауға болады.

Егер де *ү/ы* алмасуы туралы айтар болсақ, ондай өзгеріске түскен сөздердің мөлшері тек шығыс сөйленістерінің өзінде бірталай сөзді қамтып, оңтүстік, батыс сөйленістеріне дейін жетіп жатыр. Қазақ елінің шығысында кездесетін мұндай фактілер В.В.Радлов еңбектеріндегі /14/ осы өңірлерден жинап-терген ауыз әдебиеті үлгілерінде (*мұрат, шұбар, ұста, құрбан, мұны* сөздері *ы* вариантымен) берілген. Сөздердің ішіндегі *шұбар* сөзі Монғолия қазақтарының тілінде кейбір атауларда (*Чыбарайғыр* деген ру атауында, *Чыбартау* деген жер атауында) ұдайы *ы* нұсқасымен дыбысталады. Бұл сөз *шыбар, шып-шыбар* делініп, Шынжаң қазақтарының сөйлеу тілінде *шыбар адам, шыбар ат, беті шыбар* секілді тіркестерді көп құрайды /9,10/. Бұл дауыстылардың диалект аралық алмасуы байқалатын сөздер басқа түркі тілдерінің деректерімен астасып жатады. Сөз болған *тымау-тұмау, тыман-тұман, бызау-бұзау* дегендердің екі нұсқасы өзге түркі тілдерінде, яғни ноғ. *тымав*, өзб. *тумов*, баш. *тымау*; өзб. *тумон*, баш. *тыман/туман*; өзб. *бузок*, баш. *бызау* болып қолданылады.

Сөйленісте көбіне сөздің бірінші буынында болатын дауысты *ү*-ның *ы*-ға өтуі кейінгі буындағы дауыстының әсерімен байланысты. Өйткені езулік *ы* мен кейінгі буындағы езулік *а*-ның дыбысталуында (артикуляциясында) ұқсастық бар, әрі бұл сөздерде *ы*-ның айтылуы еріндік *ү*-мен салыстырғанда қолайлырақ. Мәселен, *шы-бар, ты-мау, ыс-та* нұсқалары *ы* дауыстысымен айтылу кезінде еріннің сүйірленуін қажет етпейді. Демек, осы құбылыстың өзін “дыбыстауға кететін күшті (қуатты) мейлінше аз жұмсау заңдылығы” тұрғысынан да қарастыруға болады деп ойлаймыз.

i-ү алмасуы. Қазақ әдеби тіліндегі *ү* дыбысымен келетін кейбір сөздер Байөлгей сөйленісінде, көбінде қарт адамдардың сөйлеу тілінде *i*-мен алмасады: *індеме-үндеме, ійір-үйір, ін-тін-үн-түн*. Керісінше *i* дыбысының *ү*-мен алмасып айтылуы *бiйдай (бидай), біреу* сөздерінде қолданылып, сөйленісте *бiйдәй, бiрәу* түрінде айтылады. Халықтың сөйлеу тілінде байқалатын *ү, i* дыбыстары алмасқан сөздердің көлемі оңтүстік сөйленістерде көбірек.

а-о алмасуы. Ерін мен езу дауыстыларының алмасуы болып танылатын ерекшелік - Байөлгей сөйленісінде *бейчора/бiйчора-бейшара, соноу-сонау, соро-соро-сора-сора, соно соң-сонан соң* сөздерін қамтиды. Бұған керісінше алмасуды (*о/а*) сөйленістен, жалпы қазақ тілінің сөйленістерінен кездестіре алмадық. Сөйленістегі *а/о* кейбір түркі тілдерінен (баш., өзб., өзірб., ұйғ., чув., як.) табылады.

Түркологтардың өздері езулік *а* дыбысының лабиалдануын түсіндіргенде, бірі бұл өзгерісті субстрат құбылысымен, ендігі бірқатары тіл дамуының ішкі заңдылықтарымен байланыстырады. Алдыңғы көзқарасты ұстанатындар *а*-ның лабиалдануына чуваш тіліне мари тілінің шығыс диалектісінің әсері, өзбек тіліне тәжік тілінің әсері деген мазмұндағы дәлелдеулер келтіреді. Т.Талипов қырғыз, өзбек тілдеріндегідей ұйғыр тіліндегі ашық езулік дауыстылардың еріндікке айналуын қатар тұрған ерін және қос ерін дауыссыздарының ассимиляциясымен байланыстырады /15,12/. Е.И.Убрятова сөздердегі *а/о* алмасуын якут тілінің өз ішкі даму заңдылығы, яғни дауыстылардың үндесуінен деп қарайды /16,40-41/. Н.М.Щербак өзбек тіліндегі *а*-ның лабиалдануын жалғыз субстрат теориясымен түсіндірмей, өзгерістің арғы астарында біраз ішкі себептердің болатынын да атап өтеді /11,41/.

Қазақ тілінң Байөлгей сөйленісіндегі өзгеріп қолданылатын жоғарыдағы төрт-бес сөздің ерін дауысты *о*-мен айтылуын (*соноу, соро-соро, соно-соң*) сөз ішіндегі дауыстылардың бір-біріне ықпалымен, дауыстылардың ерін үндестігіне сай айтылуымен түсіндіруге болады.

2.4 Ерін үндестігі. Байөлгей сөйленісінде қазақ әдеби тіліндегідей езулік сингармонизмі (тіл үндестігі) басым, ал ерін үндестігі ауызекі сөйлеуде жақсы сақталғанымен, орфографияда таңбаланбайды. Дегенмен, ауызекі сөйлеудегі кездесетін ерін үндестігі сияқты құбылыстардың үнемі сақталып отыруы сөйлеу нормасы үшін маңызды болғанымен, жазуда үнемі таңбалана бермейді. Өйткені сөйлеу ағынында ерін үндестігімен қатар сөздегі дыбыстардың түсірілуі, қосылуы, сақталуы тағысын тағы құбылыстар синтагматикада шексіз құбылып көрініс беріп жатады. Тілдің құрылымына қатысты олардың барлығын ескеру міндетті емес. Бірақ орфоэпиялық норманың сақталуы үшін мұндай - лабиалдық сингармонизм сияқты қазақ сөйлеуінің просодикалық құбылысының мәні зор екенін де ескерген жөн болар еді.

III тарау Дауыссыз дыбыстардың қолданылу ерекшелігі деп аталып, мұнда сөйленістегі аффрикат дыбыстардың қолданылуы мен өзге де дауыссыз дыбыстарға қатысты құбылыстар қарастырылды.

3.1 Аффрикат дыбыстардың қолданылу ыңғайы. Тіліміздегі сөйленістердің дыбыстық жүйесінде ерекше көңіл бөлерлік дыбыстардың бірі — аффрикаттар. Қазақ диалектілерінде аффрикат дыбыстың екі түрі бар: бірі - ұяң *дж*, екіншісі - қатаң *ч*. Екі дыбыстың (*тиш*) элементінен тұратын *ч аффрикаты* тек сөйленістерде кең жұмсалып, *ш* спирантының орнына айтылатын дыбыс деп қаралады.

Диалектологиялық зерттеулерге қарағанда, бұл құбылыстың қазақ жерінде Тарбағатайдан бастап Семей облысының оңтүстігі, бүкіл Жетісу, Алатау өңіріне дейінгі аймағы мен Каспий жағасындағы Маңғыстау түбегін мекендеуші қазақтардың тілінде, ауыспалы сөйленістер саналатын Түркіменстан, Қарақалпақстан, Қытай, Ауған, Иран, Түркия қазақтарының тілінде байқалатындығы анықталып отыр. Қазақ жерінің солтүстігі, орталығы, солтүстік-шығысы мен батыс бөлігінде осыған кері процесс (*ч/ш*) жүреді. Осыдан қазақ сөйленістерінің фонетикалық жүйесі *ш-ч* алмасуына байланысты екі топқа бөлінетіндігін көреміз. Кезінде дауыссыз *ш*, *ч* дыбыстарының таралуына қарай Н.Сауранбаев қазақ тілінің диалектілерін топтастырғанда бұл ерекшелікті негізгі белгілердің бірі ретінде алған.

ч-шыл сөйленістердің құрамына енетін Монғолия қазақтарының тілінде дауыссыздардың алмасуы арасында ең жиі ұшырап, фонетикалық мағынасы болмайтын *ш* дыбысының варианты ретінде сөз басында (*чебер, чежіре, чөркө*), сөз ортасында қатаң *п, к, қ, т* (*өкчө, үрдүкчы*), үнді *м, н, ң, л, р, й, у* (*емчі, тірчілік, түйүнчөк, қойчу*) дауыссыздарынан кейін *ч* тұрақты қолданылады. Сөйленістің төл лексикасындағы (*чағылдақ-шақылдақ, құрт; чағырмақ-қышқыл, ащы; чылан-май*) *ч* дыбысы монғол тілінен және бұл тіл арқылы қытай, маньчжур, тибет тілті, санскрит тілдерінен енген кірме сөздерде осы тәртіппен ұшырасады. Мұндай кірмелердің қолданылуы — сөйленістің қалған шығыс сөйленістерінен ерекшелендіріп тұратын басты өзгешелігі /10,21/.

Сөйленістегі *ч*-ның дыбысталу сапасы оңтүстік-шығыс, шығыс сөйленістерімен бірдей болып, жалпы қазақ сөйленістеріндегі аффрикаттың екі аллофонының біріне жатады.

Аффрикаттың тарихына қатысты көзқарастың бірі бойынша *ч*-ның жергілікті сөйленістерде байқалуы қазақ жерінде бұрын өмір сүрген тайпалардың тілінен сақталып келе жатқан белгі делінеді. Ж.Досқараев *ч*-ның қолданылуын ертедегі үйсін, қаңлы, қыпшақ тайпалар одағының тарихымен байланыстырады /17,9/. Бірқатар еңбектерге қарағанда, көне түркі тілдерінің V-VII ғасырлардағы орхон-енисей жазуларынан бастап, XI ғасырдағы М.Қашқаридың сөздігі,

Құлатқу білік, XIII-XV ғасырлардағы көне қыпшақ тілі туралы жазылған араб грамматиктерінің еңбектері, Кодекс куманикуста да *ч*-мен белгіленген сөздер бар. Ал екінші көзқарас бойынша бұл дыбыс қазақтармен көршілес отырған (өздері зерттеген өңірлерге байланысты А.Н.Самойлович, Н.Сауранбаев, Ш.Сарыбаев, Ә.Нұрмағамбетовтың еңбектерінде) өзге тілдердің өсерінен пайда болған белгі деп қаралады. Зерттеуде С.Омарбековтың “егер *ч* қазақтардың қалыптасуына негіз болған ежелгі ру тайпалардың диалектілік жүйесінен ауысқан ен-таңба болса, оның қазақ елінің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында молырақ сақталуына көрші тілдердің ықпалы барын бекерге шығаруға болмайды” деген пікірі /6,151/ қолдауға алынды.

дж **аффрикаты** мен *ч*-ның жұмсалыуында, таралу кеңістігінде біршама ұқсастық бар. Көбіне *ч*-шыл сөйленісте **дж** аффрикаты да қолданылады. Байәлгей сөйленісінде сөздің басында (*джазық, джұрт, джыра, джұусан* т.б.), орта шенінде *л, н* дауыссыздарынан кейін (*джанджал, қанджыға, олдажа, кендже*) спираント **ж** міндетті түрде **дж**-мен алмасады. *ж/дж* дыбыстары алмасатын сөздермен бірге сөйленісте **дж**-мен айтылатын төл лексика (*джабасалма*-еректің бас киімі; *джосұн*-әдет-ғұрып; *джойбарсу*-мықтысыну, кісімсу; *джырғау*-лөзат, игілік), кірме сөздер көптеп қолданылады.

Тіліміздің сөйленістерінде **дж** аффрикатының жұмсалыу жайын бөгде тілдің, көрші тілдердің өсерінен дейтін көзқарас бар. Мәселен, Қарақалпақ, Шу бойы қазақтарының тіліндегі **дж**-ны зерттеушілер (Б.Бекетов, Ә.Нұрмағамбетов, О.Нақысбеков) іргелес қарақалпақ, қырғыз тілінің өсері деп ұғады. Ал С.Омарбеков кей ру-тайпалардың тілінде **дж** ерте дәуірлердің өзінде-ақ болған деп есептеп, **дж**-шыл тілдерге іргелес отырған кейбір қазақ диалектілерінде өлгі тілдердің ықпалымен бұл құбылыс жақсы сақталған дейді /6,112/. Айтылған Шу бойындағы қазақтарының тіліне қоса Талдықорған, Семей, Шығыс Қазақстан облысының оңтүстігі және Қошағаш пен Монғолия қазақтарының тіліндегі **дж**-ның қолданылуына қырғыз тілінің, өзге тілдердің ықпалы болуы әбден ықтимал деп түсіндіреді. Демек, бұрыннан тілімізде бар бұл құбылыстың өзге өлкелердегі қазақтардың тілінде көмескіленіп, тек аталған аймақ тұрғындарының тілінде сақталуына қырғыз тілі тікелей өсер етпесе де, жанама ықпал еткен. Түркі тілдерінде **дж** және **ж** дыбыстарын қатар қолданатын тілдер (қырғ., қ.қалп., қ.балқ. тілдерімен қатар өзб., ұйғ., тат., ноғ. тілдерінің диалектілері) ішінен қырғыз тілінде көбіне **дж** жиі дыбысталады.

Түркі тілдері мен диалектілерінде сөйкесетін *ж, дж, й* дауыссыздарының шығу тарихы — ертеден өңгіме болып келе жатқан мәселе. Алғашқы мәліметті М.Қашқаридың деванынан ұшыратамыз. Онда **дж** қыпшақ тілдеріне тән құбылыс екені сөз етілген. Н.Сауранбаев М.Қашқариге, әрі түркі тілдері жөніндегі өзге ескерткіштерге сүйене отырып, XI-XV ғасырдағы қыпшақ тілінде **дж**

аффрикатының қолданылғанын дәлелдейді /18,13/.

Түрік қағанатының тұсында бұрынғы Қазақстан жерінде *дж* және *ж*-мен сөйлейтін диалектілердің болғаны туралы А.Н.Бернштамның зерттеуінде баяндалады. Ж.Досқараев “*ч, дж* дыбыстарының жұмсалуды, алмасуы қазақ тілінің өз ерекшелігі, арғы кездегі тіл құрылысының ескілікті элементі” деп топшылайды /17,42/. Осындай тарихи және лингвистикалық дәлелдеулерге сүйенсек, ертедегі түркі диалектілерінде қолданған *дж* аффрикаты қазақ тілінің қазіргі сөйленістерінде көне құбылыс ретінде сақталуы әбден мүмкін.

дз аффрикаты — қатаң *тс* (*ц*) аффрикатының ұяң варианты. Қазіргі қазақ әдеби тілінде қолданылмағанымен, Б.Базылхан өз еңбектерінде қазақ тілінің Байөлгей сөйленісінде *дз* дыбысы кездесетінін айтады. Мысалы: *дзат*-зат, *дзекет*-зекет, *дзықы*-зықы, *дзіркілдеу*-зіркілдеу т.б. Әсіресе *дз*-мен дыбысталуға бейім сөздер деп монғол тілі арқылы шығыс тілдерінен (қыт., тиб., манч., санск.) енген кірме сөздер алынған: *дзақы*-зах<жақа (монғ.) ‘базар’, *дзөңгі*-занги (монғ.)<жанг-ги (манч.) ‘феодалдық шен’, *қондзы*-гуанз (монғ.)<гуандзи (қыт.) ‘асхана’ т.с.с. Қазіргі монғол тілдері мен диалектілерінде *дз*, *з* екеуі де қатар қолданылады. Б.Базылханның зерттеулеріне дейін бұл құбылыс нақты сипатталмаған болатын. Тек В.В.Радловтың “Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в южной Сибири и Дзунгарской степи” (1870, ч.3) деген кітабының /14/ атында *Жонғар* сөзін *Дзонғар* деп бергені белгілі. Біздіңше, бұл сөздің бірінші дыбысының В.В.Радлов сияқты ғалымның аффрикат *дз*-мен беруі тегін болмаса керек. Сондықтан *дз*-ның жұмсалуына қоршаған тілдік орта әсер етіп, монғол тіліндегі дыбыс екі тіл өкілдерінің қарым-қатынасы барысында жергілікті қазақтардың тіліне кірме лексика арқылы енуі мүмкін. Ал Республиканың ішкері жағында монғол халқымен тығыз аралас қоныстанған қазақтардың тілінде бұл құбылыс айқын кездеседі десе болады. Бұл да - Монғолиядағы қазақтардың тілін өзгелерден даралай көрсететін белгінің бірі.

3.2 Дауыссыз дыбыстардың алмасуы

л-д, т алмасуы қазақ сөйленістерін екі жікке бөліп, бір тобында *д*, *т* орнына *л*, енді бір тобында *л* орнына *д*, *т* дыбыстары қолданылады. Ал *ч, дж* аффрикаттарын айтпағанда *л*-дың орнына *д* дыбысының қолданылу ерекшелігі шығыс сөйленістеріне тән басты қасиет. Себебі аффрикат дыбыстар өзге сөйленістерде кездессе де, бұл құбылыс шығыс сөйленістерінен басқа сөйленістерде кездеспейтіндігі анық.

л/д-ның қолданылуына Қазақстанның шығыс облыстары мен Ресейдің Таулы Алтайындағы, Қытайдағы, Монғолиядағы қазақтардың тілін жатқызуға болады (2-карта).

Қазақ жерінің оңтүстігінде де, батысында, солтүстігінде де *қорлық, байлан, таулар, сөйле* болып үнді *л* дыбысы айтылатын сөздер Байөлгей қазақтарының тілінде *қордүк, байдан, таудар, сөйде* болып

үнемі ұяң *д* дыбысымен айтылады, әрі ол бастапқы дыбысы *л*-дан басталатын сөзге жалғанатын мына секілді қосымшалардың құрамына ғана тән:

а) көптік жалғауының *л* дыбысынан басталатын *-лар*, *-лер* нұсқасы: *одар*-олар, *таудар*-таулар. Байөлгейдің жергілікті халқының ауызекі тілінде көптік жалғауы *-лар* деген фонетикалық нұсқада көп қолданылмайды десек те болады;

ә) есім сөздерден етістік тудыратын *-ла*, *(-ле)* жұрнағы: *ауұрда*-ауырла, *терде*-терле, *өрдө*-өрле, *айғайда*-айқайла. Бұл да жергілікті халық тілінде жиі қолданылады;

б) *-лы (-лі)*, *-лық (-лік)* қосымшалары: *түрдү*-түрлі, *зордұқ*-зорлық, *тұуұрдұқ*-туырлық.

Алғаш шығыс қазақтарынан жинаған В.В.Радловтың ауыз әдебиеті нұсқаларының мәтінінен де *л/д*-ға қатысты сөздер кездеседі /14,65-88/. И.Березин жинап жариялаған “Түрік хрестоматиясындағы”, А.Н.Самойловичтің “Қошағаш қазақтары” (Л., 1930) атты мақаласында да кейбір сөздерде *л* дауыссызының орнына *д* қолданылған реті бар.

Осы алмасу көрінісінің *л* орнына *д*, *т* қолданатын сөйленістерде өзіндік тарихи-лингвистикалық себептері бар. Көне заманнан қазіргі Қазақстанның шығыс өңірі, Алтай маңайы керей, найман ру-тайпаларының қоныстары болған. Сол дәуірдегі наймандарман қанаттас отырған түркі тайпаларының бірі — Енисей қырғыздары. Монғолдар билік құрған кезде қырғыздар сол төңіректегі өзге түркі-монғол текті ру-тайпалармен бірге Жошы ұлысының қол астына қарады. Ал қырғыздардың Алатау, Ыстықкөл маңына қоныс аударуын көптеген тарихшылар кейін, бертін келе (XIII-XIV) болған процесс деп біледі. Шығыстағы керей, наймандардың сөйлеуінде байқалатын кей сөздердегі *л*-дың *д*-ға айналуы көнедегі тіл контактысының жемісі немесе тарихи тұрғыдан әуелден ортақ белгі болуы да ықтимал. Қалайда қырғыз тілі мен сөз болған қазақ руларының сөйленісіндегі құбылыстың арғы астарының бір екені анық.

т-д алмасуы. Отандық ғалымдарымыздың еңбектері бойынша, *т/д* алмасуы оңтүстік сөйленістеріндегі әрі қарақалпақ, түрікмен, өзбек жерлерінде, соларға іргелес отырған елді мекендердегі қазақтардың тіліне тән. Аталған алқаптағы халықтармен аралас-құралас отырған қазақтардың тілінде *т/д* алмасуының себебі сол туыстас тілдердің соның ішінде түрікмен тілінің әсерінен деп түсіндіріледі. Осы құбылыс әр жердің қазағының тілінде *дiзгiн*, *дiзбек*, *дiз*, *дiзе*, *дiзiм*, *дүз*, *дүзу*, *дүз*, *дүзак*, *дiзерле*, *дүзiлiс*, *диірмен*, *домт/дат* т.с.с. нұсқаларда келіп, кең ареалды қамтитын, жалпылық қасиетке ие. Осыншалық жайылыңқы таралған сөздерге қоса Байөлгей сөйленісінен *дырдай*-тырдай, *дозақ*-тозақ және сөз ішіндегі *т/д* келетін *күрдеше*-күртеше, *адас*-аттас, *шардыйу*-шартию деген, Шыржаң сөйленісінен *дүсім*-түсім, *дақалды*-тақалды, *дөрт*-төрт,

Дортбай-Төртбай, мұрадына жету-мұратына жету, Дортұуыл-Төртуыл (ру атауында) деген нұсқалар да байқалады.

Мұндай орталық, солтүстік және шығыс сөйленістер тобындағы ұяң *д*-мен кездесетін фактілерді оғыз тілімен байланыстырмауға тырыссақ та, “Әдеби тілде *т* айтылатын жерде *д* айтылуы (теңіз-деңіз, төрт-дөрт, тізе-дiзе), *г* айтылатын жерде *к* айтылуы (үзенгі-үзенкі, үгіт-үкіт, жауынгер-жауынкер) қазақ тілінде сақталып қалған оғыз тілдерінің (қазіргі түркм., өзiрб. т.б. тілдердің) негізгі белгілері болып табылады. Осы тілдік формалардың тарихы сонау VII-VIII ғасырларда жатыр” /19,24/. Дегенмен, оғыз тілдерінен бөлек сөз басында *д*-ның жұмсалуды туға, тоғалар сияқты тілдерден байқалады. А.М.Щербак түркі тілдеріндегі сөздің анлауында ұяң *д* қатаң *т*-ның әлсіреуінің нәтижесінде пайда болған белгі деп есептейді /11,130/. Ал кейбір ғалымдардың пікірінше, түркі тілдерінде сөз басында *д* дыбысы қолданылмаған, сөз басында *д* дыбысының қолданылуы тек соңғы кезде пайда болған құбылыс (Б.Серебренников, Н.Гаджиева).

Келесі *д/т* алмасуы да жоғарыда аталған өңірлердегі қазақтардың тілінде ұшырайды. Бұл құбылыс Маңғыстау (*томалақ, топ, туару, тушар*), Орда (*термен, томалау, туару*) сөйленістері мен шығыс сөйленістер тобында, тіпті Ауған, Иран қазақтарының тілінде (*тайын, тояр, тостарқан*) айтылады. Шығыстың барлық сөйленістеріне ортақ сөздер (*турыс, өтейі, қалтыру, тайар*) де бар. Байөлгей сөйленісінде бұл сөздерге қоса *тағыра-дағыра, тоғала-доғала, түлөй-дүлей, джәнтiк-жәндiк, тиірмен-диірмен* нұсқаларын атап өткіміз келеді.

Орта Азияның кей қоныстары мен соған көршілес өңірдегі қазақтардың тілінде *д/т* алмасуы көршілес тілдердің ішінен қырғыз тілінің дерегімен толықтай сәйкеседі. Себебі қырғыз тілі көнеден келе жатқан бұл фонетикалық құбылысты жақсы сақтап қалған тіл. Қатаң *т* нұсқасымен жиі айтылатын сөздер туыстас башқұрт тілінің шығыс диалектiсiнде бар. Бұл тілдегі қатаң *т*-мен басталатын сөздердің де қолданылу тарихы ертеден келе жатқан сыңайлы. Сондықтан зерттеп отырған сөйленістегі бұл құбылыс, дәлірек айтқанда, әдеби тіліміздің нормасына енген *д* қолданылатын сөздердің Байөлгей сөйленісінде *т*-мен айтылуы - ертедегі түркі тілдеріне тән *т*-мен дыбысталған сөздердің сақталып қалған ізі болуы керек.

с-ш алмасуы. Қатаң *с, ш* дыбыстарындағы *с/ш* алмасуы сөйленісте көбіне сөздің соңында, кейде ортасы мен басында ұшырасады: *ұқшаш/оқшаш-ұқсас, тұрмұш-тұрмыс, тийiш-тиіс, қышқаш-қысқыш, айырмышы-айырмысы, чүйүнчү/шүйүнчү-сүйінші, текшi-тексi>тегіс*.

Орта Азияның ішкі қоныстары мен соған шектес аудандар қазақтарының тіліне тән *с/ш* алмасуы көршілес өзбек, қырғыз, түрікмен тілдеріне қатысты болса, қазақ жерінің батысы, орталығы және солтүстік өңірлерінде бар *с/ш* алмасуын басқаша қараған дұрыс.

Ондағы құбылыстың осылай үлкен кеңістікке таралуына қарап, халықтың көнедегі тайпалық диалектілерінен қалған белгі деп түсінетін пікір бар. Орхон ескерткіштерінен көне саналатын Енисей ескерткіштерінде *с*-ның орнына *ш* таңбаланған нұсқалар көбірек көзге түседі: *сансыз, сұрақ* т.б. сөздер ШНСЗ, ШУРУГ болып, сонымен бірге Орхон ескерткіштерінің бірі Күлтегін жазбасында БЫШ (*бес*), ТШ (*тас*) сөздері жолығады /20,248/. Профессор Н.Сауранбаев Орхон-Енисей ескерткіштеріне сүйеніп, *с/ш* алмасуын өте ертедегі құбылыс екендігін атап өткен /18,13-15/.

Шығыс сөйленістеріндегі *с/ш* алмасуын (*шерік, шерт, тұрмұш*) түркі тілдерінің ішінен қырғыз тілімен (*шерик, турмуш, шерт*) байланыстыруға болады. Көне замандарда қазіргі Монғолия, Қытай, жалпы шығыстағы қазақтардың құрамындағы керей, найман секілді ру, тайпалар көне қырғыз тайпаларымен бірге мекендегені белгілі. Мүмкін сол кездегі ортақ құбылыс қай-қай халықтың тілінде де сақталып, соның ішінде біреуінде (диалектілерінде) көбірек, ендігі бірінде азырақ сақталған сыңайлы. Ал осы күнгі қырғыздармен қоныстас отырған оңтүстік қазақтарының тіліндегі *с/ш* алмасуы қырғыз тілінің дерегімен тіпті ұқсас.

б-м алмасуы - ауызекі тілдің дыбыстық жүйесіндегі ұяң мен үнді дыбыстар арасындағы ерекше өзгерістердің бірі. Қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде бұл дыбыстар бірінің орнына бірі қолданылады. *б/м* алмасқан сөздер Қазақстанның батыс, оңтүстік, шығыс облыстарының кейбір аудандарында жұмсалып, таралу кеңістігі жағынан біраз айырмашылықтары бар. Олардың бірқатары аз ғана көлемді қамтыса, ендігі біразы кеңге жайылып, алыс жатқан аудандарда қайталанатын. Мәселен, *мауызда, мейнет, күйменде, матыр, мұрнағы күн, қамыр* нұсқалары тіліміздің көпшілік сөйленістерінде айтылады. Осылардың кейінгі үшеуі Монғолия қазақтарының тілінен байқалады. Оған қоса осы сөйленісте *мөртіп-бөртіп, мекер-бекер, мешпет-бешбет, құрмандық-құрбандық, құрман айт-құрбан айт, кемелек-кебенек, тырмын-тырбын* нұсқалары бар.

Керісінше, *м/б* алмасуы Байөлгей сөйленісінде онша мардымды емес. Жалпы ауызекі сөйлеуде *м/б* кезігетін сөздер төмендегідей: *база-маза, бөпеле-мөпеле, береке-мереке, байла-майла, шүбек-шүмек, обалуу-омалу* т.б. Оларды Ә.Нұрмағамбетов бүкіл батыс сөйленістер тобына тән деп қарастырған болатын /12,53/.

Сонау Орхон-Енисей ескерткіштерінің өзінде төмендегі сөздердің басында *б*, *м* дыбыстары жарыса қолданылған /20,210/. Олар: *бең/мен, бана/мана, беңкү, бүнгү/меңкү, биз/мыз*. Түркі тілдерінің фонетикалық жүйесінде *б* мен *м* дыбыстарының сәйкестігі күні бүгінге дейін сақталып отыр.

б/м алмасуын П.М.Мелиоранский сөздегі сол дыбыстан кейінгі сонор - *р, л* дыбыстарының әсері деп көрсеткен болатын /21,65/. Осы пікірдің жалғасын Х.Кәрімов былай қорытындылайды: 1) сөздегі *б/м*

ауысуына кейін тұрған *p, л* дыбыстары регрессивтік ассимиляция заңы бойынша әсер етеді: *қамыр, кемелек, матыру*; 2) регрессивтік ассимиляция заңына сай мұрын жолды үнділер ықпал етеді: *мент, мекем*; 3) тілдік фактіге қарағанда, кейін тұрған үнді дыбыстарға *й* мен *у*-дың әсері болатын сияқты: *мауыздау, майтаба, мұзау*; 4) Кейде *б*-дан бұрын не кейін келген үнді дыбыстар әсер етеді: *кемғағал, тоңмұзар*; 5) құрамында *б/м* ауысатын кейбір мысалдарға қарағанда, үнді дыбыстарда кейінді ықпалмен қатар ілгерінді ықпал да байқалады: *қармыз, құрман, торама, мәртеме* /22,187/. Байәлгей сөйленісіндегі бұл құбылысқа байланысты фактілер де автор көрсеткен дәлелдеулермен сәйкеседі.

М.Рясянен “Түркі тілдерінің тарихи фонетикасының материалдары” (М.,1955) деген еңбегінде мұны келесі буындардағы мұрын жолды дауыссыздардың әсері дей келіп, *б, м* дауыссыздарының қайсысы көне екендігін ажырату қиын, өйткені үнді *м* дыбысының ұяң *б*-ға ауысуы түркі, монғол тілдерінде ұшырайтынын ескертеді. Түркі тілдерінің дыбыс жүйесінде *б, м* дыбыстарының өзара алмасып келуінің бір себебі ретінде дауыссыздардың артикуляциялық базасының жақындығын да естен шығармаған дұрыс. Аталған дауыссыздардың жасалу орнына қарай қосерін дыбыстары болуының өзі *б/м* алмасуына себепші фактор ретінде қаралуға тиіс.

***п-б* алмасуы.** Қатаң *п*-ның үнді *м*-мен ауысып жұмсалатын сөздер сөйленісте өте аз. Оның өзінде *п/м* алмасуы байқалса, керісінше *м/п*-ға өзгеруі мүлде кездеспейді. Мысалы: *меш-пеш, омыруу-опыру, тасмиық/ташмиық-таспиық*. Ал келесі *п/б* (*бейіл-пейіл, биғыл-пиғыл, бітір садақа-пітір садақа, балау-палау, мешбет-бешпент*) мен *б/п* (*пөйге-бөйге, пұта-бұта, чүпөрөк-шүбірек*) дыбыстық алмасуының екеуі де кездеседі.

Шыңжаң сөйленісінен *п* мен *б* дыбыстары алмасқан сөздер *балау, байда, бысық, байымдау* немесе керісінше *пүліш, пөйге, өлім-перім* т.с.с.

Қосерін дыбыстарының қайсысы көне дегенге келгенде түркологтардың пікірі біржақты емес. Олардың бірі байырғы түркі сөздерінің анлауында қосерін *б* қолданылған деп есептейді. Г.Рамстедт алтай тілдер тобы теориясына байланысты еңбектерінде ұяң *б* дауыссызының көне түркі тілдерінде болғандығын құптаса, бұндай көзқарасты М.Рясянен, К.Г.Менгес, В.А.Богородицкий сынды ғалымдар да ұстанған. Ендігі бір ғалымдар (Н.Гаджиева, А.М.Щербак) ежелгі түркі тілдерінде қосерін *б* дауыссызы *п*-ның ұяндануынан пайда болған деп санайды.

Біз сүйенген А.Мамедовтың еңбегінде жалпытүркілік шеңберде қосерін дауыссыздары үш түрде қолданыс тапқан деп көрсетіледі /23,55/: а) әр түрлі тілдік топтарға енген тілдердегі бірқалыпты қолданылған *б*-анлауы; б) әр түрлі хронологиялық, ареалдық, индивидуальды айтылу жағдайына байланысты *б* және *п* болып дыбысталатын *б/п* -анлауы; в) әр түрлі тілдік топтарға кіретін, бірақ

б-анлауты секілді жалпылық қасиетке ие емес л-анлауты.

3.3 Метатеза құбылысы қазақ тілінен өзге түркі тілдерінде, жалпы көптеген тілдерде (семит, үндіеуропа тілдерінде) жүйелі түрде кездеседі. Осы фонетикалық ерекшелік жөнінде А.А.Реформатский, Н.Томсон, А.Чикобава, Н.Малечаның, түркі тілдерінде Ф.Г.Исхаков, Ш.Шабдурахманов, К. Аханов т.б. еңбектерін атауға болады.

Сөз ішіндегі метатезалық өзгеріс негізінен дауыссыз дыбыстарға тән. Дауысты дыбыстардың бір-бірімен орын ауыстыруы өте сирек кездеседі. Қазақ тілінде метатезаның ең басты екі түрі ажыратылады. Ол - қатар келген іргелес дыбыстардың және бір-бірінен бөлегірек тұрған, іргелес емес дыбыстардың орын ауыстырулары. Метатезаға ұшыраған сөздер көп болмағанмен де, қазақ тілі сөйленістерінің барлығында қолданылады. Байөлгей сөйленісінде іргелес емес л-н дыбыстарының орын ауыстыруына *чйinelic*-шиленіс, *айланбалы*-айналмалы сөздерін, қатар келген *пк-кп* дауыссыздардың ауыстыруына *акпел*-‘алып кел’, *акпет*-‘алып кет’ тіркестерін келтіруге болады. Мұнда айтылу кезінде алдыңғы сөздегі *ы* дауыстысы түсіріліп, одан кейінгі *п* дыбысы кейінгі сөздегі *к* дыбысымен орын ауыстырып тұр. Қатар келген дыбыстардың орын ауыстыруында дауыстының көршілес дауыссыз дыбыспен ауысатын кездері де бар: *тексі*-тегіс, *жасыт*-жасты, *мажсаурау*-маужырау және т.б.

Көптеген ғалымдар бұл фонетикалық процестің басты себебін дыбыстардың өзара әсерімен, солардың ішінде кейбір дауыссыздардың бір дыбыстарға қатысты орнымен, болмаса ассимиляция, диссимиляцияның салдарымен, сөздің дыбысталуын қолайлы ету мақсатымен түсіндіреді. Бұған қоса метатезаның қолданылуын психологиялық (тез сөйлеу т.б.) және таза физиологиялық (антропофонетикалық) тұрғыдан қарастыратын көзқарас та бар. Ал Байөлгей сөйленісінде кездесетін дауыссыз-дауыссыз дыбыстардың орын ауыстыруын олардың өзара әсерімен ғана түсіндіргеннен гөрі, сөздердің дыбысталуын қолайлы ету секілді заңдылық тұрғысынан түсіндіру қажет екені байқалады.

Қорытындыда зерттеудің негізгі нәтижелері берілді:

- Әлеуметтік лингвистика аспектісінде Монғолия жеріндегі қазақ диаспорасында қалыптасқан тілдік жағдаятқа тікелей байланысты болатын сөйленіске тән билингвизм, диглоссия сияқты құбылыстардың ерекшеліктері талданды.

- сөйленістің дыбыс жүйесіндегі *жуан/жіңішке*, *ашық/қысан*, *еріндік/езулік* дауыстылардың алмасуы жалпы қазақ тілінің сөйленістерінен тек басқа лексикалық бірліктер құрамында кездесуімен ерекшеленгенімен, олардың арасында сыртқы фактордың әсері негізіндегі құбылыстардың кездеспейтіні анықталды;

- сөйленістегі ареалдық құбылыстардың екі ұдай саласын бөліп көрсетуге болады, оның бірі - қазақ сөйленістерінің шығыс тобының

бөріне ортақ белгілер (ч, дж аффрикаттарының сөз басында жаппай қолданылуы мен т-д, с-ш, б-м алмасулары) де, екіншісі - Монғолия қазақтарының тіліне төн белгілер. Дыбыстық ерекшеліктердің екінші тобына жататын л/д алмасуының Байөлгей сөйленісінде жүйелі түрде қолданылатыны, сондай-ақ дз аффрикатының тек осы сөйленісте ғана ұшырасатыны айқындалды.

Сілтеме жасалған әдебиет

1. Мұхамедиұлы Х. Монғолиядағы қазақ субэтностының қалыптасуы мен дамуы. - Алматы-Улаанбаатар, 1997. -219 б.
2. Базылхан Б. Монғолия қазақтарының тілі. - Улаанбаатар-Өлгий, 1991. -206 б.
3. Қинаятұлы З. Жылаған жылдар шежіресі. - Алматы: Мерей, 1995. -297 б.
4. Сарыбаев Ш. Диалектология саласындағы кейбір атаулар жайында // Қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. - Алматы: Ғылым, 1973. 193-200 бб.
5. Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников VII-IXвв. - Л.: Наука, 1980. - 254 с.
6. Омарбеков С., Жүнісов Н. Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. - Алматы: Мектеп, 1985. -205 б.
7. Көрімов Х.К. Қазақ тілі говорларындағы жуан, жіңішке дауыстылар сәйкестігі // Қазақ тілі теориясы мен тарихының мәселелері. - Алматы: Ғылым, 1986. -162 б.
8. Киекбаев Д.Г. Варианты слова или сингармонические параллелизмы в башкирском языке // Баш. Гос. пед. инс. V сер. филол. I, - Уфа, 1955. -149 с.
9. Нұрғабил Б.С. Шыңжаң қазақтары мен Қазақстан қазақтары тіліндегі кейбір дыбыстық айырмашылықтар // Тіл және аударма. - Үрімші, 1988. 8-20 бб.
10. Болатов Ж. Восточная группа говоров казахского языка и ее отношение к литературному языку. Автореф. дис. докт. - Алматы, 1970. -103 б.
11. Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. - Л.: Наука, 1970. -201 с.
12. Нұрмағамбетов Ә. Қазақ тілі говорларының батыс тобы. - Алматы: Ғылым, 1978. -215 б.
13. Современный казахский язык. Фонетика и морфология, - Алма-Ата: Изд. АН Каз ССР, 1962. -451 с.
14. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в южной Сибири и Дзунгарской степи. часть 3, Киргизское наречие. - Санкт-Петербург, Типограф. императорск АН, 1870.
15. Талипов Т. Система гласных в современном уйгурском языке. Автореф. дис. канд. - Алма-Ата, 1960. -16 с.

16. *Убрятова Е.И.* Опыт сравнительного изучения фонетических особенностей языка населения некоторых районов Якутской АССР. - М.: Изд. АН СССР, 1960. -148 с.

17. *Досқараев Ж.* Қазақ тіліндегі аффрикат дыбыстардың жұмсалуды // Қаз ССР ҒА Хабарлары, Лингвистикалық серия, 1950. N82, 35-44 бб.

18. *Сауранбаев Н.Т.* Некоторые черты древнекыпчакского языка // Вестник АН КазССР. 1948, N12, - С. 45-62

19. *Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш.* Қазақ диалектологиясы. - Алма-Ата: Мектеп, 1979. -200 б.

20. *Батманов И.А., Арагачи З.Б., Бабушкин Г.Ф.* Современная и древняя Енисейка. - Фрунзе: Изд. АН Кирг ССР, 1962. -248 с.

21. *Мелиоранский П.М.* Краткая грамматика казак-киргизского языка ч.І, Спб., 1894.

22. *Кәрімов Х.* Қазақ говорларындағы б~м, м~б сәйкестіктері туралы // Қазақ диалектологиясының кейбір мәселелері. Алматы: Ғылым, 1973. 180-189 бб.

23. *Мамедов А.* Тюркские согласные: анлаут и комбинаторика. - Баку: Элм, 1985. -204 с.

Диссертацияның мазмұны төмендегі басылымдарда жарияланды:

1. Байөлгейден келген қазақтардың тіл ерекшелігі // Нығмет Сауранбаев және қазақ тіл білімі. Ғылыми мақалалар жинағы. - Алматы, 2000. 137-142 бб.

2. Монғолиядан келген қазақтар тіліндегі кейбір дауыссыздардың алмасуы // Тіл деңгейлері және олардың өзара қатынасы. Алматы. 2000. 148-159 бб.

3. Монғолиядан келген қазақтар тіліндегі ч аффрикатының қолданылу ыңғайы // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 2000, N1. 84-90 бб.

4. Аффрикат дж дыбысының қолданылу өрісі // Мәдениет аралық коммуникация және аударманың көкейтесті мәселелері. Материалы международной научно-практической конференции. - Алматы, 2001. 236-241 бб.


5. Диалектілік сипаттағы метатеза құбылысы // Түркітану мәселелері: бүгінгі мен болашағы. Қазақстан Республикасының 10 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. - Алматы, 2001. 603-607 бб.

6. Байөлгей экспедициясының материалдарынан // Қазақ әдеби тіл тарихы мен диалектология мәселелері. Профессор Б.Әбілқасымов 70 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Алматы, 2001. 279-282 бб.

7. Байөлгей сөйленісіндегі еріндік, езулік дауыстыларының алмасуы // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 2002, N 5. 32-36 бб.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ҚАРТАСЫ


28



Карта 1. Шартты белгілер: ● - нысыр; ○ - нысыр/нісір; индексіне шартты белгі қойылмаған нүктелер - нісір.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ҚАРТАСЫ

29



Карта 2. Шартты белгілер: ● - ауырдық (ауырлық), ○ - ауырдық/аууірлық; индексіне шартты белгі қойылмаған нүктелер - аууірлық.

Р Е З Ю М Е

Удербает Алмас Жауынбаевич

СРАВНИТЕЛЬНОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ АРЕАЛЬНЫХ ФОНЕТИЧЕСКИХ ЯВЛЕНИЙ В РЕЧИ КАЗАХСКОЙ ДИАСПОРЫ МОНГОЛИИ

Специальность - 10.02.02 - казахский язык

Актуальность темы диссертации заключается в применении методов ареальной и сравнительно-исторической лингвистики в изучении народной речи казахского населения, проживающего за пределами Казахстана в иноязычном окружении. Объектом исследования автора выбрана речь казахской диаспоры в Монголии.

Новизна работы являет собой сравнительные освещение установленных автором дифференцирующих фонетических признаков, характерных для языка диаспоры.

Работа состоит из трех глав. В первой главе даются сведения об истории передвижения и обоснования части казахов восточного Казахстана и Китая на территории Монголии, имевших место в начале XIX века. Наиболее подробную характеристику в диссертации получила социально-лингвистическая обстановка, в условиях которой функционирует язык казахской диаспоры, все более приобретаая при этом черты, присущие явлениям билингвизма и диглоссии.

В последующих двух главах на основе обширного фактического материала подвергаются лингвогеографическому и сравнительному анализу особенности, свойственные звуковому строю речи казахов исследуемой территории. Обе главы содержат сравнительные данные по ареальным фонетическим явлениям Байульгейского говора, анализируемое в сравнении с аналогичными явлениями, встречающимися в современных тюркских языках и древних письменных памятниках.

В заключении указаны результаты исследования, по которым можно смело предположить о том, что все вышеотмеченные обстоятельства не смогли привести к существенным изменениям фонетического облика речи казахов края.

В лингвистических картах, которые включает работа, показаны изоглоссы распространения дифференцирующих частных и объединяющих фонетических признаков речи казахов края. Наряду с картами к концу диссертации приложены диалектологические тексты, собранные во время экспедиции.

S U M M A R Y

Uderbaev Almas Zhaunbaevich

COMPARATIVE ANALYSIS OF AREAL PHONETIC PHENOMENA IN KAZAKH DIASPORA OF MONGOLIA.

Speciality 10.02.02 - kazakh language

The actuality of thesis theme is in application of areal, comparative and historical linguistics for research of native language of Kazakh population, living abroad in foreign language sphere. The language of Kazakh diaspora in Mongolia was chosen by author as a subject for research.

The novelty of the present work represented by comparative interpretation of different phonetic features, incident for diaspora language and determined by author.

The present work consists of three chapters. The first one gives the information on historical movements and settlements of Kazakhs from Eastern Kazakhstan and China in Mongolia. These processes took place at the beginning of XIX century. More detailed characteristic in thesis was given to social and linguistic atmosphere in Mongolia, the environment of Kazakh language functioning, taking bilingual features and borrowing foreign words.

The following two chapters give a comparative, linguistic and geographic analysis, evaluated on a base of broad actual material. Sound features, appropriate for Kazakhs' language structure of the examined territory, illustrate all theoretical material. Both chapters contain the information on areal phonetic phenomena of Bayulgey dialect, analyzed in comparison with analogous phenomena, occurred in temporary Turk languages and ancient written documents.

In a conclusion the results of the research are pointed out. Following them we can presume without doubt that all mentioned circumstances could not lead to substantial changes in Kazakhs' phonetic character of the territory.

The present work includes linguistic maps where isoglottic lines are pointed out. The maps illustrate spreading of differential general and particular phonetic features of Kazakhs' language in Mongolia. Together with the maps the dialect texts, which were collected during research expedition are enclosed as well.